**"2000 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бюджетінің кіріс бөлігін толықтыру бағдарламасын" бекіту туралы" облыс әкімінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы N 14 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 6 наурыздағы N 47 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 24.04.2000 ж. N 122 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"2000 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бюджетінің кіріс бөлігін

толықтыру бағдарламасын" бекіту туралы" облыс әкімінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы N 14 шешімін қолданылып жүрген заңдылықтарға сәйкес келтіру мақсатында төмендегі өзгерістерді енгізе отырып ШЕШІМ қабылдаймын:

Көрсетілген шешіммен бекітілген, "2000 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бюджетінің кіріс бөлігін толықтыру бағдарламасындағы", "Салық жинаудың нәтижелі әдістемесін әзірлеу мен ендіру" тарауының 7,9,12 тармақтары және "Акциз түсімдерін көбейту жөніндегі іс-шаралар" тарауының 15 тармақшалары қосымшаға сәйкес редакцияда баяндалсын.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
2000 ж. 6 наурыздағы
N 47 шешіміне қосымша

| № N р/р | Шаралар | Орындалу мерзімі | Орындаушылар | Аяқталу үлгісі |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Салық жинаудың нәтижелі әдістемесін әзірлеу мен ендіру. | | | |
| 7. | Деректемелерді қайтадан енгізбеу мақсатында, салық төлеу жөніндегі | Күн сайын | Барлық деңгейдегі банктер | Төлем тапсырма ларының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жеке тұлғалардың төлемдерімен, салық төлеушілердің СТТН және аты-жөні көрсетілген төлем тапсырмаларының электронды көшірмелері (түбіртек материалы), сондай-ақ ҚР МКМ кодына сәйкес төлем түрінде жұмыс істейтін барлық деңгейдегі банктермен ұсыну. | | | электронды көшірмелері |
| 9. | 500 АҚШ долларынан жоғары эквивалентте шетел валютасын сатып алу немесе сатумен айналысатын жеке тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну | Нақты субъектіге тексеру жүргізу туралы нұсқаманы банкке ұсынған сәттен кейін тәуліктік мерзімде | Уәкілетті айырбастау пункттері мен банктер | СҚО бойынша салық комитетіне ақпарат. |
| 12. | Петропавл қаласы, аудандар және банктер кескінінде, төлем көздерінен ұстап қалынатын әлеуметтік және табыс салықтарының түспеу себептерін анықтау мақсатында, (клиентті көрсетпей) жалақы бойынша берешектері туралы, жалақыға берілген қолдағы қаражат туралы мәліметтерді ұсыну. | Әр айдың 5-не дейін | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі департамент, барлық деңгейдегі банктер, қазынашылық департаменті. | СҚО бойынша салық комитетіне ақпарат. |

II. Акциз түсімдерін көбейту жөніндегі іс-шаралар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15. | "Этил спирті мен алкогольді өнімді өндіруіне және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңға сәйкес алкогольді өнімдерді бөлшек және көтерме саудада сатуға лицензия беруін қамтамасыз ету. | Үнемі | Аудан және Петропавл қаласының әкімдеріне, алкогольдік өнімдерді сатуға бақылау жасау жөніндегі комитет | СҚО бойынша салық комитетіне ақпарат. |

(Маман: Д.Қ. Ысқақова)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК